© Алиева Ж.Ж.¹, Байкенжеева А.Т.², Арыстанова С.Д.², 2026.

¹Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан;

²Южно-Казахстанский исследовательский университет имени Мухтара

Ауэзова, Шымкент, Казахстан.

E-mail: zhanara_ganievna@mail.ru

РАЗВИТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ У СТУДЕНТОВ СПЕЦИАЛЬНОСТИ БИОЛОГИЯ В РАМКАХ ДОПОЛНИТЕЛЬНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ MINOR

Алиева Жанар — PhD докторант, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан,

E-mail: zhanara_ganievna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8250-3901>;

Байкенжеева Айнур — кандидат биологических наук, доцент, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени Мухтара Ауэзова, Шымкент, Казахстан,

E-mail: ainur20@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6114-3978>;

Арыстанова Салтанат — PhD, старший преподаватель, Южно-Казахстанский исследовательский университет имени Мухтара Ауэзова, Шымкент, Казахстан,

E-mail: Jasiko2008@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2165-5175>.

Аннотация. В статье представлен анализ опыта развития предпринимательских навыков у студентов образовательной программы «Биология» Кызылординского университета имени Коркыт Ата в рамках дополнительной образовательной программы Minor. Исследование проводилось в несколько этапов. На первом этапе с целью выявления интереса студентов к предпринимательской деятельности, уровня их знаний, уверенности в собственных возможностях и практических умений было проведено анкетирование. Полученные результаты обрабатывались с использованием количественных методов в статистическом пакете SPSS, а внутренняя согласованность и надежность данных оценивались с помощью коэффициента альфа Кронбаха. Результаты исследования показали, что студенты проявляют высокий интерес к предпринимательству и обладают достаточной теоретической подготовкой, однако испытывают недостаток практических навыков. На основе полученных данных был разработан и внедрен в образовательный процесс практико-ориентированный проект «Изготовление продукции из натурального гербария и её продвижение на рынок». Проект предоставил студентам возможность реализовать профессиональные знания в условиях, приближенных к реальной предпринимательской деятельности, и охватывал основные этапы бизнес-процесса: формирование бизнес-идеи, изготовление продукции, разработку маркетинговой стратегии и организацию продаж. В ходе реализации проекта студенты самостоятельно собирали, сушили и обрабатывали растительный материал, создавая продукцию, соответствующую научным и эстетическим требованиям. Кроме того, были выполнены расчёты первоначальных затрат, доходов и потенциальной прибыли, что способствовало формированию

практических предпринимательских компетенций. Результаты исследования свидетельствуют о том, что междисциплинарное содержание программы Minor и гибкая образовательная траектория способствуют профессиональному самоопределению студентов, развитию предпринимательского потенциала и повышению их адаптивности к современному рынку труда. Гербарный проект рассматривается как эффективная практическая модель обучения, обеспечивающая одновременное развитие биологических, экологических, творческих и предпринимательских компетенций. Кроме того, проект может служить примером реализации принципов экологической культуры, поддержки отечественной продукции и освоения механизмов коммерциализации научных идей.

Ключевые слова: предпринимательское образование, программа Minor, студенты-биологи, предпринимательские компетенции, гербарий, междисциплинарное обучение, практико-ориентированное обучение, коммерциализация научных идей

Kіріспе. Қазақстанда бірқатар жоғары оқу орындары негізгі білім беру бағдарламасымен (Major) қатар қосымша білім беру бағдарламаларын (Minor) ұсынууда. Minor бағдарламалары пәнаралық бағыттағы білім беру жүйесінің бір бөлігі ретінде бірнеше мамандық, кәсіби сала немесе білім беру бағыты бойынша қосымша құзыреттер мен оқу нәтижелерін қалыптастыруды көздейді. Бұл тәсіл еңбек нарығының қазіргі талаптарына сай кадр даярлауға мүмкіндік береді және жоғары оқу орындарында білім алудың икемді әрі дербес траекториясын жүзеге асырудың маңызды тетігі болып табылады. Аталған бағдарламаларды іске асыратын әрбір университет кемінде бір кәсіби сала бойынша пәнаралық білім беру бағдарламасына лицензияға ие болуы тиіс. Нәтижесінде студенттің қос мамандық алу мүмкіндігі кеңейіп, оның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі артады, сондай-ақ жеке қабілеті мен қызығушылығына сәйкес кәсіби бағытын қалыптастыруға жағдай жасалады (Analytical Report on the Implementation of the Parameters of the Bologna Process in Higher Education Institutions of the Republic of Kazakhstan. Astana, 2022)

Minor бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын кәсіпкерлікке бағытталған курстар студенттерге ғылыми идеяларды практикалық өнімге айналдырудың негізгі тетіктерін меңгеруге және кәсіпкерлік құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді (Wazni and Muliadi, 2023). Зерттеу барысында жүргізілген сауалнама нәтижелері Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Биология мамандығы студенттерінің кәсіпкерлікке деген көзқарастары мен қызығушылықтарын айқындады. Алынған нәтижелер студенттердің кәсіпкерлікке деген өзіндік сенімділігі жеткілікті деңгейде екенін көрсетті. Осыған байланысты кәсіпкерлік білім беру мен субъективті нормалардың студенттердің өзіндік сенімділігіне әсерін зерттеу өзекті болып табылады.

Кәсіпкерлік дағдыларды тәжірибелік тұрғыдан дамыту мақсатында коммерцияландыру курстары аясында студенттермен бірге «Табиғи гербарий өнімдерін жасау және оларды нарыққа шығару» жобасы жүзеге асырылды. Жоба «Өсімдіктер морфологиясы, анатомиясы және систематикасы» пәнінен өткізілген далалық оқу практикасы барысында іске асырылып, студенттерге ғылыми идеяларды коммерцияландырудың нақты кезеңдерін тәжірибе жүзінде меңгеруге мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Биология мамандығы студенттерінің кәсіпкерлікке деген қызығушылығын зерттеу және «Табиғи гербарий өнімдерін жасау және оларды нарыққа шығару» жобасы арқылы кәсіпкерлік дағдыларын дамыту.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Биология мамандығы студенттерінің кәсіпкерлікке деген қызығушылығы мен көзқарасын анықтау.
2. Студенттердің кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға бағытталған курстар мен оқу жобаларының маңыздылығын талдау.
3. «Табиғи гербарий өнімдерін жасау және оларды нарыққа шығару» жобасының білім алушылардың ғылыми идеяларды практикалық өнімге айналдыру дағдыларын қалыптастырудағы рөлін зерделеу.
4. Кәсіпкерлік білім берудің студенттердің кәсіби бағытын айқындауға және нарық талаптарына бейімделуіне әсерін бағалау.
5. Зерттеу нәтижелері негізінде биология мамандығына бейімделген кәсіпкерлік оқытуды жетілдіруге бағытталған ұсыныстар ұсыну.

Әдеби шолу. Minor бағдарламасының пайда болу тарихы жоғары білім беру жүйесіндегі мамандану қажеттілігінің артуымен тығыз байланысты. XIX ғасырдың екінші жартысында орын алған өнеркәсіптік революция білім беру саласына әсер етіп, кәсіби мамандарға сұраныс артты. Соның нәтижесінде университеттер студенттерге белгілі бір салада терең білім беруді мақсат еткен «major» (негізгі мамандық) жүйесін енгізе бастады. Алайда бір ғана салаға бейімделу студенттің білім көкжиегін шектейтін болғандықтан, қосымша пәндерді қамтитын «minor» бағдарламасы ұсынылды. Бұл модель алғаш рет 1877–1878 жылдары АҚШ-тағы Джонс Хопкинс университетінде жүзеге асып, неміс жоғары білім беру жүйесіндегі *Hauptfach* (негізгі пән) және *Nebenfächer* (қосымша пәндер) құрылымына негізделді. 1880 жылдары оқу ұзақтығы мен пәндер құрылымы нақты айқындалды: major – екі жылдық, minor – бір жылдық болды. Бүгінде бұл жүйе Батыс елдерінің көптеген жоғары оқу орындарында қолданылып, пәнаралық зерттеулер мен кәсіби бейімделуге мүмкіндік беретін тиімді білім беру құралына айналды. Minor бағдарламасы студентке негізгі мамандықпен қатар қосымша салада білім алуға мүмкіндік береді, бұл қазіргі еңбек нарығы талаптарына сай жан-жақты мамандарды даярлауға бағытталған (Payton, 1961).

Қазақстандағы тәжірибе көрсеткендей, Minor бағдарламалары студенттердің жеке оқу траекториясын қалыптастырумен қатар олардың

қосымша кәсіби және практикалық құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді (Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University). Осыған орай қазіргі таңда Minor бағдарламаларының мазмұны еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкес кәсіпкерлік, коммерцияландыру және маркетинг бағытындағы пәндермен толықтырылып келеді (Mustafina, 2022).

Осыған байланысты жоғары оқу орындарының басты міндеттерінің бірі – студенттердің кәсіпкерлік құзыреттерін қалыптастыру болып табылады. Muliadi (2020) пікірінше, студенттер қоршаған ортаға оң өзгеріс енгізе алатын белсенді тұлғалар ретінде кәсіби құзыреттермен қатар өмірлік маңызды дағдыларды меңгеруі тиіс. Бұл олардың тек жұмыс іздеуші емес, жаңа жұмыс орындарын құратын бастамашыл маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді (Listyawati, 2017; Mirawati et al., 2016).

Мұндай құзыреттерді қалыптастырудың маңыздылығы кәсіпкерліктің қоғам мен ұлттық экономикадағы рөлімен де түсіндіріледі. Кәсіпкерліктің ұлттық экономикаға қосатын үлесі зор, өйткені дамыған ел болу үшін халықтың кемінде 2%-ы кәсіпкер болуы тиіс (Listyawati, 2017; Mirawati, Wardana and Sukaatmadja, 2016). Кәсіпкерлер жаңа жұмыс орындарын құрып, компаниялар мен өндірістердің дамуына ықпал етеді (Munawar and Supriatna, 2018). Dewi (2016) пікірінше, кедейлік пен жұмыссыздық мәселесін шешудің маңызды жолдарының бірі – жаңа жұмыс салаларын ашу және кәсіпкерлерді даярлау (Yamin et al., 2023).

Бұл бағыттағы халықаралық тәжірибе де кәсіпкерлік білім берудің жоғары тиімділігін көрсетеді. Muliadi, Asri and Lestarini (2020) зерттеулеріне сәйкес, Индонезия жоғары оқу орындарында кәсіпкерлік білім беру студенттердің тәуелсіздігін, өмірлік дағдыларын және бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Сондықтан университеттер кең ауқымды және өмірлік дағдыларға бағытталған оқу бағдарламаларын дамытуға ерекше назар аударады (Primandaru, 2017; Wahyuni and Hidayati, 2017; Darmawan and Warmika, 2016; Fatimah, 2013).

Кәсіпкерлік білім беру қазіргі заманғы жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде ерекше маңызға ие. Көптеген Батыс университеттерінде биология бағытындағы оқу бағдарламаларына кәсіпкерлікке қатысты пәндер енгізіліп, студенттердің кәсіпкерлік білімі, қызығушылығы және практикалық дағдыларын жүйелі түрде дамытуға басымдық беріледі (Subagio et al., 2021; Muliadi, 2020). Мұндай білім беру моделі болашақ түлектердің жаңашыл, креативті және өз кәсібін бастауға қабілетті маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан кәсіпкерлік құзыреттерін дамыту студенттердің өзіне деген сенімділігін, бастамашылдығын және еңбек нарығына бейімделу қабілетін арттырудың маңызды құралы болып табылады (Srigustini, 2014; Muliadi and Mirawati, 2020).

Материалдар және негізгі әдістер. Зерттеу жұмысы диагностикалық, тәжірибелік және қорытынды кезеңдерді қамтитын үш негізгі кезең бойынша ұйымдастырылды. Бірінші кезеңде Биология мамандығы студенттерінің

кәсіпкерлік дағдыларын дамыту мақсатында үш апталық оқу сабағы ұйымдастырылды. Сабақ барысында студенттер кәсіпкерлік негіздері, ғылыми идеяларды коммерцияландыру, маркетинг және бизнес-жобаларды әзірлеу бойынша теориялық білім алды.

Зерттеуге Биология мамандығының 150 студенті қатысты. Студенттердің кәсіпкерлікке деген қызығушылығы, білім деңгейі, өзіндік сенімділігі және практикалық дағдылары туралы деректер Google Forms платформасы арқылы жүргізілген құрылымдалған сауалнама негізінде жиналды. Жиналған сандық мәліметтер SPSS 29.0.2.0 статистикалық бағдарламасында өңделіп, сипаттамалық статистика әдістері қолданылды, ал сауалнаманың ішкі бірізділігі мен сенімділігі Кронбах Альфа коэффициенті арқылы бағаланды.

Екінші кезеңде теориялық білімді тәжірибемен ұштастыру мақсатында студенттер «Табиғи гербарий өнімдерін жасау және оларды нарыққа шығару» кәсіпкерлік жобасын әзірледі. Жоба аясында бизнес-идеяны қалыптастыру, өнімді жоспарлау, дайындау, маркетингтік стратегия әзірлеу және өнімді нарыққа шығару кезеңдері жүзеге асырылды.

Үшінші кезеңде «Өсімдіктер морфологиясы, анатомиясы және систематикасы» пәні бойынша далалық оқу практикасы барысында студенттер Қызылорда облысының табиғи флорасынан өсімдіктер жинады. Жиналған материалдар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында өңделіп, гербарий өнімдері дайындалды. Дайын өнімдерді коммерцияландыру мақсатында оларды мектептерде таныстыру, сондай-ақ Kaspi дүкені, Instagram, Wildberries және Etsy платформалары арқылы нарыққа шығару жұмыстары жүзеге асырылды.

Нәтижелер. Студенттердің кәсіпкерлік дағдыларының қалыптасу деңгейін, сондай-ақ теориялық және практикалық білімдерін бағалау мақсатында арнайы құрылымдалған сауалнама жүргізілді. Сауалнама онлайн форматта Google Forms платформасы арқылы жүргізілді. Жиналған деректер сандық әдістер көмегімен талданды. Сандық мәліметер SPSS 29.0.2.0 бағдарламасында өңделді (George and Mallery, 2024).

Зерттеу аясында жалпы саны 150 бақылау бірлігі тіркеліп, олардың барлығы дерекқорға енгізілді және статистикалық талдауға қабылданды. Шеттетілген немесе жарамсыз деп танылған бақылау бірліктері тіркелген жоқ (0%). Бұл деректердің толық әрі сапалы жиналғанын және талдау үшін жарамды екенін көрсетеді.

Бақылау деректерінің 100% қолданылуы — зерттеу барысында қолданылған құралдардың (сауалнама, бақылау парағы және т.б.) сенімділігі мен валидтілігін, сондай-ақ зерттеу процесінің жүйелі түрде ұйымдастырылғанын айғақтайды. Бұл жағдай алынған нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігіне оң әсер етіп, қорытындылардың дәлдігіне кепілдік береді.

Кесте 1 — Бақылаулар бойынша жиынтық мәліметтер

№	Бақылаулар	Қатысушылар саны	%
1	Қабылданған	150	100,0
2	Шеттетілген	0	0,0
	Барлығы	150	100,0

Сауалнама құрылымының ішкі біртектілігін бағалау мақсатында төрт негізгі тақырыптық блок бойынша Кронбах Альфа (Cronbach's Alpha) коэффициенттері есептелді. Бұл талдау әрбір сауалнаманың ішкі бірізділігін, яғни респонденттердің жауаптарындағы тұрақтылықты анықтауға бағытталған.

2 кестеде көрсетілгендей, зерттеу сауалнамасына енген 16 айнымалы бойынша Кронбах альфа коэффициенті 0,846 құрады. Бұл көрсеткіш жоғары деңгейдегі ішкі сенімділікті білдіреді. Ғылыми әдебиетке сәйкес 0,8–0,9 аралығындағы мәндер сауалнама шкаласының айнымалылары өзара логикалық байланысты және біртұтас өлшем бірлігін сипаттайтынын білдіреді. Яғни, алынған мәліметтер тек сан жағынан ғана емес, мазмұндық жағынан да сапалы екенін көрсетеді. Бұл зерттеудің сенімділігі мен нәтижелерінің дұрыстығына негіз бола алады.

Кесте 2 — Сауалнама нәтижесі бойынша жалпы сенімділікке талдау (Кронбах Альфа коэффициенті бойынша)

№	Бөлім атауы	Айнымалылар саны	Кронбах Альфа
1	Кәсіпкерлік білім	16	0.846

Сипаттамалық статистика бойынша зерттеуге қатысушылардың жынысы, оқу курсы, кәсіпкерлікке қатысты білім деңгейі мен көзқарастары, дағдылары мен сенімдері, сондай-ақ нақты кәсіпкерлік құзыреттері бойынша алынған деректер сипатталады (қатысушылар саны: N = 150).

3 – кестеде респонденттердің басым бөлігі – әйелдер (M = 1,83), және орта есеппен 2-курста оқиды (M = 2,56). Сонымен қатар, көпшілігі бұған дейін кәсіпкерлік бойынша оқымағанын көрсетті (M = 1,81).

Кесте 3 — Сандық айнымалылардың сипаттамасы

№	Айнымалы атауы	Орташа мән	Стандартты ауытқу	Мин.	Макс.
1	Жынысы (1 – ер, 2 – әйел)	1,83	0,374	1	2
2	Курс (оқу жылы)	2,56	0,986	1	4
3	Бұрын кәсіпкерлік оқыдыңыз ба? (1 – и», 2 – жоқ)	1,81	0,391	1	2

Респонденттер кәсіпкерлікке жоғары қызығушылық танытып, оны өз мансабы үшін маңызды деп санайтынын көрсетті. Орташа мәндердің төмен болуы (барлық шкалада 1 = "Келісемін") олардың кәсіпкерлікке қатысты оң көзқарас пен жоғары өзіндік сенімділік деңгейін көрсетеді.

Кесте 4 — Кәсіпкерлікке қызығушылық пен сенім

№	Айнымалы атауы	Орташа мән	Стандарты ауытқу
1	Мен кәсіпкер болуға қызығамын	1,23	0,420
2	Кәсіпкерлік болашақ мансабым үшін маңызды	1,28	0,451
3	Шағын бизнес ашуға және басқаруға қабілеттімін деп сенемін	1,17	0,380
4	Ғылыми идеяны нарыққа шығаратын өнімге айналдыра аламын деп ойлаймын	1,26	0,440
5	Бизнесті ашуға қажетті қадамдармен таныспын	1,52	0,501

Студенттердің маркетинг, қаржы және бизнес-жоспарлау салаларында бастапқы, бірақ жеткілікті түсінігі бар екенін көрсетеді. Дегенмен, стандартты ауытқулардың салыстырмалы түрде жоғары болуы кейбір респонденттер арасында білім деңгейі әрқелкі екенін білдіреді (5 – кесте).

Кесте 5 — Кәсіпкерлік білім мен түсінік деңгейі

№	Айнымалы атауы	Орташа мән	Стандарты ауытқу
1	Бизнесті жоспарлау бойынша біліміңіз	1,50	0,775
2	Маркетинг стратегияларын қаншалықты түсінесіз	1,39	0,723
3	Коммерцияландыру ұғымын түсіну деңгейі	1,52	0,833
4	Клиенттерді сегменттеу және мақсатты аудиторияны анықтау білімі	1,50	0,784
5	Өндіріс шығындары мен пайда көлемін есептеу қабілеті	1,41	0,724

Студенттердің кәсіпкерлікке қажетті практикалық дағдылар бойынша өз бағаларын көрсетеді. Жалпы алғанда, орташа мәндер 2,2–3,1 аралығында. Бұл студенттердің дағдылары орташа деңгейде қалыптасқанын, ал өнімді сату мен прототип жасау сынды нақты практикалық міндеттер бойынша өзін сенімсіздеу сезінетінін көрсетеді (6 – кесте).

Кесте 6 — Практикалық кәсіпкерлік дағдылар (Soft and Hard Skills)

№	Айнымалы атауы	Орташа мән	Стандарты ауытқу
1	Шығармашылық бизнес идеясын ұсыну	2,48	1,335
2	Жобалық топта тиімді жұмыс істеу	2,20	1,295
3	Өнім идеясын жеткізу және таныстыру	2,34	1,478
4	Өнімнің прототипін жобалау	3,01	1,442
5	Өнімді немесе қызметті нақты тұтынушыға сату	3,09	1,508

Сипаттамалық статистика нәтижелері бойынша, зерттеуге қатысқан студенттердің кәсіпкерлікке деген қызығушылығы мен ынтасы жоғары, ал базалық теориялық білімі жеткілікті деңгейде. Алайда практикалық дағдылар (мысалы, өнімді сату, прототип жасау, таныстыру) бойынша әлі де дамыту қажет бағыттар бар екені байқалады. Бұл білім беру бағдарламасында кәсіпкерлік құзыреттіліктерді тәжірибелік тұрғыдан дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Талқылау. Алынған нәтижелер студенттердің кәсіпкерлікке деген қызығушылығы мен теориялық білім деңгейінің жоғары екенін көрсетті. Дегенмен практикалық кәсіпкерлік дағдыларының қалыптасуы қосымша тәжірибелік жұмыстарды қажет етеді. Осыған байланысты кәсіпкерлік білім беруді жобалық оқыту әдістерімен ұштастыру студенттердің кәсіби құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді. Биология бағытындағы осындай тиімді тәжірибелік жобалардың бірі – гербарий өнімдерін жасау және оларды нарыққа шығару жобасы болып табылады.

Осы зерттеу нәтижелері кәсіпкерлік білім беруді практикалық жобалармен ұштастырудың студенттердің кәсіби құзыреттерін дамытудағы тиімділігін көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, биология мамандығы студенттері үшін гербарий өнімдерін жасау және оларды нарыққа шығару жобасы теориялық білімді тәжірибемен байланыстыратын тиімді құрал болды. Rudall (2022) гербарийді ботаникалық нысандарды ғылыми мақсатта жинау, кептіру, сақтау және жүйелеу арқылы қалыптасатын материалдық жинақ ретінде сипаттайды. Біздің зерттеуде бұл тәсіл тек ғылыми мақсатпен шектелмей, студенттердің өсімдіктер морфологиясы, анатомиясы және систематикасы пәнінен алған білімдерін нақты өнім әзірлеу барысында қолдануына мүмкіндік берді (Rudall, 2022).

Алынған нәтижелер гербарийдің қазіргі жағдайда ғылыми-зерттеу объектісі ғана емес, сонымен қатар оқу-әдістемелік, декоративтік және кәдесыйлық өнім ретінде де коммерциялық әлеуетке ие екенін көрсетті. Мұндай жобалар кәсіпкерлік білім беру мен жаратылыстану ғылымдарының өзара байланысын күшейтіп, студенттердің шығармашылық, жоспарлау, өнім әзірлеу және маркетингтік дағдыларын кешенді дамытуға ықпал етеді, бұл Bridson and Forman (1992) тұжырымдарымен сәйкес келеді (Bridson and Forman, 1992).

Жоба барысында студенттер өсімдіктерді жинау, оларды өңдеу және рәсімдеу жұмыстарымен қатар маркетингтік шешімдер қабылдау, өнімді орау, бренд қалыптастыру және тұтынушымен байланыс орнату сияқты кәсіпкерлік құзыреттерді де меңгерді. Бұл Minor бағдарламасы аясындағы пәнаралық оқытудың тиімділігін көрсетеді және Bae et al. (2014) ұсынған кәсіпкерлікке бағытталған оқыту тәсілдерін қолдайды (Bae et al., 2014).

Сонымен бірге жобаны жүзеге асыру барысында нарықтық сұранысты анықтау, маркетингтік стратегия әзірлеу, бизнес-жоспар құру және өнімнің экологиялық құндылығын негіздеу сияқты кезеңдерге ерекше назар аударылды (Kotler and Keller, 2012). Осындай кешенді жұмыс студенттердің ғылым мен кәсіпкерлікті өзара байланыстыра отырып, ғылыми идеяларды нарыққа бейімделген өнімге айналдыру қабілетін дамытуға мүмкіндік берді.

Осылайша, жүзеге асырылған жоба студенттердің кәсіпкерлікке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ғылыми білімін практикалық қызметпен ұштастыруға, экологиялық мәдениетін қалыптастыруға және еңбек нарығының талаптарына сәйкес кәсіби құзыреттерін дамытуға ықпал етті.

Аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін студенттер гербарий өнімдерін дайындаудың барлық кезеңдеріне белсенді қатысты. Олар морфологиялық белгілері толық сақталған өсімдіктерді жинап, ғылыми талаптарға сәйкес кептіру, өңдеу және рәсімдеу жұмыстарын орындады (1–4-суреттер). Әртүрлі экологиялық топтағы өсімдіктердің биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілген бұл жұмыстар гербарий үлгілерінің ғылыми құндылығын сақтауға және студенттердің өсімдіктерді анықтау, ғылыми материалдарды өңдеу, теориялық білімді практикада қолдану, сондай-ақ кәсіпкерлік құзыреттерін дамытуға мүмкіндік берді.

Әртүрлі экологиялық топтағы өсімдіктерді өңдеу барысында олардың биологиялық ерекшеліктері ескерілді. Су өсімдіктері табиғи пішінін сақтай отырып қағазға орналастырылып кептірілсе, ағаштар мен бұталардан гүлдері мен жапырақтары бар бұтақтар таңдалып, арнайы прессте өңделді. Мұндай жұмыстар гербарий үлгілерінің ғылыми құндылығын сақтаумен қатар студенттердің кәсіби практикалық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.

Жоба барысында студенттер гербарий жасаудың барлық негізгі кезеңдерін – өсімдіктерді жинау, кептіру, өңдеу және рәсімдеу жұмыстарын өз бетінше орындады. Бұл тәжірибе теориялық білімді практикамен ұштастыруға, сондай-ақ болашақта алынған білімді кәсіпкерлік қызметте қолдануға мүмкіндік берді.



Сурет 1 — Гербарий жасауға арналған өсімдіктерді жинау

Студенттер жиналған өсімдіктерді газетке орап, күн сайын жаңартып отырып, прессте кептірді. Өсімдіктер әртүрлі уақытта кебетін болғандықтан, оларды біртіндеп пресстен шығарып, қалғандарын әрі қарай кептіруді жалғастырды. Өсімдік толық кепкен жағдайда, оны қағаз парағынан көтерген кезде барлық мүшелері көлденең күйінде сақталды. Ал толық кеппеген үлгілер тез қарайып, дақтанып кетті. Сонымен қатар, студенттер өсімдікті шамадан тыс кептіруге де жол бермеуге тырысты, өйткені мұндай жағдайда өсімдік табиғи түсін жоғалтып, сынғыш әрі үгітілетін күйге түсті.




Сурет 2 — Өсімдіктердің табиғи жолмен кептірілуі

Содан соң студенттер гербарийді рәсімдеу жұмыстарына кірісті. Өсімдіктерді жинау мен кептіру жұмыстарының соңғы кезеңі — гербарий парағын құрастыру болды. Студенттер жақсы кептірілген өсімдіктерді таза А3 форматындағы (29,5 × 42 см) қағаз парағына (ірі форматты гербарий) мұқият тігіп орналастырды.



Сурет 3 — Гербарийді тігу



Сурет 4 — Гербарийді рәсімдеу

Гербарий

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
«Биология, география және химия» БББ

Тұқымдасы _____

Өсімдіктің атауы _____

Өсу ортасы _____

Орналасқан жері _____

Жинаған _____ Анықтаған _____

« ____ » _____ 20 ____ ж. _____

Парақтың төменгі оң жақ бұрышына 7×12 см көлеміндегі этикетка жапсырылады. Этикетканың құрамында мынадай мәліметтер болуы керек:

- тұқымдасы мен өсімдіктің атауы – орыс және латын тілдерінде;
- орналасқан жері (облысы, ауданы, нақты қай елді мекен маңында жиналғаны);
- өсу ортасы (шалғын, батпак, орман, су айдыны және т.б.);
- өсімдікті жинаған күні;
- кім жинаған және кім анықтағаны.

Жобаның қорытынды кезеңінде гербарий дайын болғаннан кейін (5 – сурет) студенттер дайындалған өнімді сату мақсатында мектептерге барып, тәжірибе барысында арнайы презентациялар өткізді. Олар өз жобаларын таныстырып, гербарий өнімдерінің білім беру мен экологиялық тәрбие берудегі маңызын түсіндірді. Сонымен қатар, жарнамалық материалдар дайындап, әлеуетті тұтынушылармен тікелей байланыс орнатты. Бұл әрекеттер өнімге деген қызығушылықты арттырып, сатылым көлемін ұлғайтуға септігін тигізді.

Содан кейін дайын өнімдер Kaspi дүкені, Instagram, Wildberries (WB), және Etsy платформалары арқылы Қазақстан мен шетел нарығына шығарылды.



Сурет 5 — Толық жиналып өңделген гербарийлер

Жобаны іске асыру үшін қажет негізгі ресурстар өсімдіктер, кептіруге арналған пресс құрылғысы, арнайы қағаздар, рамкалар мен колөнер құралдары болды. Өнімдерді дайындау үдерісі бірнеше кезеңнен тұрды: өсімдіктерді жинау, кептіру, дизайнмен өңдеу, рамкаға орнату және қаптау.

Алғашқы кезеңде болжамды шығын 70 000 – 130 000 теңге аралығында болды. Орташа есеппен 100 дана гербарий дайындалып, әрқайсысы 4000 теңгеден сатылғанда, айына 400 000 теңге табыс түсті. Бұл шамамен 40 000 теңге таза пайда әкелді. Келешекте өндірісті кеңейту, онлайн курстар ашу, шетелге экспорттау және экологиялық өнімдер желісін дамыту жоспарланды. Жобаның әлеуметтік және тәрбиелік мәні де зор болды – ол табиғатты қорғау, экологиялық білім беру, шығармашылық қабілетті дамыту және отандық өнімді насихаттау сынды бағыттарды қамтыды. Бұл бастама арқылы табиғи ресурстарды тиімді пайдаланып, заманауи, сұранысқа ие өнім шығаруға толық мүмкіндік болды.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Биология мамандығы студенттері үшін Minor қосымша білім беру бағдарламасы аясында кәсіпкерлік құзыреттерді қалыптастырудың маңыздылығы мен тиімділігін көрсетті. Алдын ала жүргізілген сауалнама

студенттердің кәсіпкерлікке деген қызығушылығы мен өзіндік сенімділігі жоғары болғанымен, практикалық дағдылардың жеткіліксіздігін анықтады. Бұл тәжірибеге бағытталған жобаларды білім беру үдерісіне енгізудің өзектілігін айқындайды.

«Табиғи гербарий өнімдерін жасау және оларды нарыққа шығару» жобасы студенттердің теориялық білімдерін нақты кәсіпкерлік әрекетпен ұштастыруға мүмкіндік беріп, бизнес-идеяны қалыптастыру, өнімді әзірлеу, оны нарыққа бейімдеу және өткізу кезеңдерін кешенді түрде меңгеруіне жағдай жасады. Жоба барысында студенттердің шығармашылық ойлауы, бастамашылдығы, жоспарлау және маркетингтік дағдылары дамып, пәнаралық оқытудың тиімділігі дәлелденді.

Осылайша, Minor бағдарламасы аясында жүзеге асырылған тәжірибелік жоба студенттердің кәсіби бағдарын айқындауға, еңбек нарығы талаптарына бейімделуіне және жаратылыстану ғылымдарындағы ғылыми идеяларды коммерцияландыру құзыреттерін қалыптастыруға ықпал етті. Зерттеу нәтижелері Minor бағдарламаларының биология мамандарын даярлау жүйесінде кәсіпкерлік білім беруді дамытуға және ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға мүмкіндік беретін тиімді білім беру моделі екенін көрсетті.

Мүдделер қақтығысы: Авторлар тарапынан мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың үлесі: Барлық авторлар мақаланың тұжырымдамасын әзірлеуге, мазмұнын дамытуға және мәтінін жазуға тең дәрежеде үлес қосты.

References

- Payton P.W. (1961) Origins of the terms “major” and “minor” in American higher education. *History of Education Quarterly*, 1(2). — P. 57-63. <https://doi.org/10.2307/367640> (in English).
- Қазақстан Республикасы зhorары оқу орындарында Болон процесі параметрлерінің іске асырылу тuralы аналитикалық есеп (2022) [Analytical Report on the Implementation of the Parameters of the Bologna Process in Higher Education Institutions of the Republic of Kazakhstan]. Astana, 2022. — 78 p. Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, <https://vku.edu.kz/minor> (in Kaz).
- Mustafina B.S. (2022) Bilim беру үдерісіне minor бағдарламасын енгізудің оң нәтижелері (A. Байтұрсынұв атындағы Қостанай өңірлік университeti мысалында) [Positive Results of Implementing a Minor in the Educational Process (on the Example of A. Baitursynov Kostanay Regional University)]. In: *Proceedings of the International Scientific Forum “Education. Science. Culture”* (December 22, 2021). Collection of Scientific Articles. Part 2. International Scientific and Practical Conference “Pedagogy and Psychology as Integrative Fields of Scientific Knowledge”, Gzhel, 2022 (in Kaz).
- Muliadi A., Asri I.H., and Lestari Y. (2020) Efek Pengetahuan dan Lingkungan Keluarga terhadap Sikap Entrepreneur Mahasiswa. *Educatio*, 15(2), — 125â-137. <https://doi.org/10.29408/edc.v15i2.2836> (in English).
- Muliadi A., and Mirawati B. (2020) The effect of personal attitude and subjective norm on entrepreneurial interest of biology education students. *Jurnal Penelitian Dan Pengkajian Ilmu Pendidikan: E-Saintika*, 4(3). — 342 p. <https://doi.org/10.36312/e-saintika.v4i3.307> (in English).
- Muliadi A., Mirawati B., and Prayogi S. (2021) The effect entrepreneurship education and subjective norm on biology students’ self-efficacy in entrepreneurial. *Prisma Sains: Jurnal Pengkajian Ilmu dan Pembelajaran Matematika dan IPA IKIP Mataram*, 9(1). — P. 127-135. <https://doi.org/10.33394/j-ps.v9i1.3981> (in English).

Munawar A., and Supriatna N. (2018) Pengaruh sikap dan motivasi terhadap minat berwirausaha siswa. *Oikos: Jurnal Kajian Pendidikan Ekonomi dan Ilmu Ekonomi*, 2(1). — P. 14-23. <https://doi.org/10.23969/oikos.v2i1.916> (in English).

Yamin M., Ratnasari D., and Muliadi A. (2023) Efek Norma Subyektif Terhadap Minat Wirausaha Mahasiswa Calon Guru Biologi. *JPIIn: Jurnal Pendidik Indonesia*, 6(2). — P. 94-106. (in English).

Wazni M.K., and Muliadi A. (2023) Correlation of Self Efficacy with Entrepreneurial Attitudes of Science Teacher Candidates. *Prisma Sains: Jurnal Pengkajian Ilmu dan Pembelajaran Matematika dan IPA IKIP Mataram*, 11(3). — P. 899-907. <https://doi.org/10.33394/j-ps.v11i3.8557> (in English).

Mirawati B., and Subagio S. (2022) Efek Pendidikan Kewirausahaan terhadap Sikap Wirausaha Mahasiswa Pendidikan Biologi: Moderasi Self Efficacy. *Bioscientist: Jurnal Ilmiah Biologi*, 10(2). — P. 1236-1248. <https://doi.org/10.33394/bioscientist.v10i2.6602> (in English).

Rudall P.J. (2022) From “New Botany” to “New Systematics”: an historical perspective on the Jodrell Laboratory. *Kew Bulletin*, 77(4). — P. 807-818 (in English).

Bridson D., and Forman L. (1992) *The Herbarium Handbook*. Kew. England: Royal Botanic Gardens (in English).

Bae T.J., Qian S., Miao C., and Fiet J.O. (2014) The relationship between entrepreneurship education and entrepreneurial intentions: A meta-analytic review. *Entrepreneurship theory and practice*, 38(2). — P. 217-254. <https://doi.org/10.1111/etap.1209> (in English).

Keller K. (2012) *Marketing management: Philip Kotler, Kevin Lane Keller*. In *Marketing Library of Congress Cataloging-in-Publication Data* (in English).

George D., and Mallery P. (2024) *IBM SPSS statistics 29 step by step: A simple guide and reference*. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781032622156> (in English).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 30, 2026

Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 3